

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Национальный Банк Республики Казахстан  
National Bank of Kazakhstan



Қазақстан Ұлттық Банкінің  
**ХАБАРШЫСЫ**

№ 6

2016 ЖЫЛҒЫ 1–30 маусым

## **«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»**

### **Редакциялық кеңестің құрамы:**

Редактордың міндетін атқарушы:  
А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:  
П.Е. Орлов  
Ә.Қ. Мадиярова  
Н.В. Сәрсенова  
А.Е.Сәрсенбаева

*шығарылымға жауапты:*  
*Н.Н. Шабанова*  
*Тел: 8 (727) 330-24-97*

Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ  
050040, Алматы қ.,  
«Көктем-3» ш/а, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде  
24.02.1997ж. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады

## **Редакциядан:**

### ***Құрметті оқырмандар!***

*Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының кезекті 2016 жылғы 1-30 маусымдағы № 6 шығарылымын ұсынып отыр.*

*«Басты оқиғалар» бөлімінде базалық мөлшерлеме туралы ақпарат жарияланған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы халықаралық резервтері және ақша базасы, төлем балансының алдын ала базасы бойынша деректер берілген.*

*Сонымен бірге басылым беттерінен Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ала аласыздар.*

## **МАЗМҰНЫ:**

1. Басты оқиғалар .....4 бет;
2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының № 213 қаулысы .....12 бет;
3. «Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең аз мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының № 223 қаулысы ..56 бет;
4. Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясының есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын, ұсыну мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының № 227 қаулысы .....58 бет;

## Басты оқиғалар

### Базалық мөлшерлеме туралы

2016 жылғы 6 маусым

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі +/-1% болатын дәлізбен базалық мөлшерлемені 15% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Сараланған пайыздық саясатты ұстана отырып, Ұлттық Банк қаржылық тұрақтылықты сақтау тәуекелдерін ескерді, олар қаражаттың ақша нарығынан валюта нарығына ықтимал ауысуы жағдайларында теңгедегі активтерге сұранысты қолдау және ортамерзімді болашақта баға тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігін көрсетеді.

Бұл шешімді қабылдаған кезде бірнеше фактор қаралды.

Халықтың шетел валютасын сатып алудан гөрі оны сату көлемінің асып кетуі тұрақты түрде сақталып отыр. Шетел валютасында номинирленген депозиттердің теңгедегі депозиттерге ауысуы жалғасуда. Жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы көлеміндегі жеке тұлғалардың шетел валютасындағы депозиттерінің үлесі 2016 жылғы сәуірде 72%-ға дейін, заңды тұлғалардікі 53%-ға дейін төмендеді. 2016 жылғы сәуірде 2015 жылғы қазаннан бастап алғаш рет ұлттық валютадағы кредиттердің өсуі тіркелді.

Инфляция күтілетін үрдіс шеңберінде қалыптасуда. Ұлттық Банк пікіртерімінің нәтижелері 2016 жылғы мамырда халықтың инфляциялық күтулерінің іс жүзінде өзгермегенін көрсетеді. Келесі 12 айда бағаның өсу қарқынының жеделдеуін немесе оның осы деңгейде сақталуын күткен қатысушылардың үлесі 37,7%-ды құрады (2016 жылғы сәуірде – 37,1%).

Экономикалық белсенділіктің деңгейі және ішкі сұраныстың көрсеткіштері экономикалық өсу қарқындарына жағымсыз әсер ете отырып, төмендеуін жалғастыруда. 2016 жылғы қаңтар-сәуірде базалық салалар бойынша шығарылым индекстерін өзгертуге негізделген және экономиканың даму үрдістерін сипаттайтын қысқамерзімді экономикалық индикатор төмендеді. Сонымен бірге, мемлекеттік сектордың шығыстарының өсуі аясында инвестициялық сұраныстың жоғары деңгейі сауда жағдайлары нашарлауының жағымсыз әсерін теңестіруде.

Базалық мөлшерлеме 15%-ға дейін төмендегеннен кейін және 2016 жылғы 6 мамырда пайыздық дәліз тарылғаннан кейін ақша-кредит талаптарының аздап жұмсарғаны байқалады. Ақша нарығындағы мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме дәлізінің төменгі шегінде. Валюталық депозиттерді теңгелік депозиттерге үнемі айналдыру есебінен, сондай-ақ фискалдық факторлардың есебінен болып жатқан өтімділіктің құрылымдық профицитінің ұлғаюы байқалады.

Валюталық және ақша нарықтарының жай-күйіне, сондай-ақ инфляциялық күтулердің қалыптасуына әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі тәуекелдер сақталуда. Базалық мөлшерлеме төмендетілгеннен кейін валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құны іс жүзінде өскен жоқ және ақша нарығы мөлшерлемелерінен төмен деңгейде қалуда.

Тәуекелдердің азаюына және байқалған жағымды үрдістер орнықтылығының расталуына қарай базалық мөлшерлеме төмендеуі мүмкін. Мөлшерлемелердің төмендеу жылдамдығы экономиканың сыртқы күйзелістерге ден қоюына және бір жыл және одан көп мерзімде болжанатын инфляцияны, валюталық тәуекелдерді хеджирлеу құнын, банк салымшыларының валюталық таңдауларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатынан алынатын кері байланысқа тәуелді болады.

Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2016 жылғы 11 шілдеде Астана уақытымен сағат 17.00-де жарияланатын болады.



## **«Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Тауық жылы» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы**

2016 жылғы 17 маусым

Алматы қ.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының № 2155 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2016 жылғы 17 маусымда «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясынан «Тауық жылы» алтын және күміс ескерткіш монеталарын айналысқа шығарады.



Монеталар он екі қырлы нысанда жасалған. Күмістен және алтыннан жасалған екі монетаның бет және сырт жағындағы бейнелері бірдей.

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде аспан әлеміндегі жұлдыздар картасында жұлдыздар шоғырының мифологиялық символдары бейнеленген және монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын (күмістен жасалған монетада – «Ag 925 31,1 gr», алтыннан жасалған монетада – «Au 999 7,78 gr») білдіретін жазу бейнеленген. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстінде монетаның номиналын білдіретін «500 ТЕҢГЕ» деген ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ», ағылшын тілінде «REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» деген жазу және күннің стильдендірілген бейнесі.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) орталық бөлікте шығыс күнтізбесі бойынша 2017 жылдың символы – тауық бейнеленген және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі орналасқан. Монетаны айналдыра жалпақ күңгірт жиек жүргізілген, оның үстіне монетаның соғылған жылын білдіретін «2017» ойып жазылған қаусырма бар, мемлекеттік тілде «ШЫҒЫС КҮНТІЗБЕСІ», орыс тілінде «ВОСТОЧНЫЙ КАЛЕНДАРЬ» және ағылшын тілінде «ORIENTAL CALENDAR» деген сөздер ойып жазылған. Күңгірт жиектің ішкі жағына шығыс күнтізбесінің қалған он бір символы орналасқан.

Монеталардың бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) тегіс, бедерсіз және жазусыз.

Монеталар:

1) 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 38,61 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 3 мың дана;

2) 999 сынамды алтыннан жасалған, массасы – 7,78 грамм, сипатталған шеңберінің диаметрі – 21,87 мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы – 1 мың дана.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

«Тауық жылы» ескерткіш күміс және алтын монеталары «Шығыс күнтізбесі» монеталар сериясын жалғастыратын жетінші монеталар жұбы болып табылады.

Монеталардың дизайнында Алматы қаласының «Шығыс күнтізбесі» субұрқағының мүсіндік композициясының бейнелері пайдаланылды. Авторлары: мүсінші – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші-монументалист В. Твердохлебов А. Татариновпен және архитектор В. Кацевпен бірлескен авторлықта.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) сайтындағы «**Монеталардың интернет-дүкені**» интернет – дүкені арқылы сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны (727) 273-83-98.

## Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2016 жылғы 22 маусым

Алматы қ.

### 1. 2016 жылғы мамырдағы инфляция

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2016 жылғы мамырда инфляция 0,5% (2015 жылғы мамырда – 0,3%) болды. Азық-түлік тауарлары 0,4%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,7%-ға қымбаттады. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,5%-ға өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2016 жылғы мамырда көбіне пияздың бағасы 24,9%-ға, сәбіз – 20,1%-ға, қызылша – 17,9%-ға, картоп – 6,8%-ға, жарма – 6,2%-ға, шай – 1,9%-ға өсті. Орамжапырақтың бағасы 36,6%-ға, жұмыртқа – 6,6%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішінде жеке тұтыну тауарларының бағасы 1,3%-ға, тұрмыстық үй заттары – 1%-ға, киім мен аяқ киім – 0,9%-ға, оның ішінде аяқ киім – 2,1%-ға өсті.

Ақылы қызметтер тобында көлік қызметінің бағасы 3,1%-ға, оның ішінде әуе көлігі қызметінің ақысы 5,9%-ға, темір жол көлігі – 4,6%-ға, автомобиль – 2,8%-ға көтерілді. Амбулаторлық қызметтер 1%-ға, ауруханалар қызметі 0,8%-ға қымбаттады.

2016 жылғы қаңтар-мамырда инфляция 4,2% (2015 жылғы қаңтар-мамырда – 1,5%) болды. Жылдың басынан бастап азық-түлік тауарларының бағасы 4,3%-ға (1,9%-ға өсу), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 4,2%-ға (0,4%-ға өсу), ақылы қызмет көрсету – 4,0%-ға (2,0%-ға өсу) өсті (1-график).

1-график

**2015 және 2016 жылғы қаңтар-мамырдағы инфляция және оның негізгі топтары**



Инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 2016 жылғы мамырда 16,7% (2015 жылғы желтоқсанда – 13,6%) деңгейінде қалыптасты. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 13,5%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 27,3%-ға, ақылы қызмет көрсету – 10,3%-ға өсті.

### 2. 2016 жылғы мамырдағы халықаралық резервтер (жедел деректер) мен ақша базасы және 2016 жылғы сәуірдегі ақша агрегаттары

2016 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоспағанда) алдын ала бағалау<sup>1</sup> бойынша және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша базасы мынадай болды:

<sup>1</sup> Бағалауға сыртқы басқарудағы активтер бойынша аудиттелмеген деректер кіреді

|  | Ағымдағы бағалармен |
|--|---------------------|
| <b>Жалпы халықаралық резервтер, млн. долл.</b>             | <b>28 777,9</b>     |
| <b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>              | <b>27 930,5</b>     |
| оның ішінде:   |                     |
| ЕАВ-дағы таза активтер                                     | 18 799,6            |
| Алтын  | 9 130,9             |
| <b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>                            | <b>4 495,1</b>      |
| <i>Тар ақша базасы, млрд. теңге</i>                        | <i>4 108,1</i>      |
| <i>ЕДБ-дің ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттері, млрд. теңге</i> | <i>343,55</i>       |
| KZT/USD (кезең соңында)                                    | <b>335,84</b>       |
| Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)              | <b>1 210,50</b>     |

*ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-дағы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма*

*Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-дің ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттерін, депозиттер және арнайы мақсаттағы шоттар бойынша %-ды қоспағанда, ақша базасы*

2016 жылғы мамырда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 621,8 млн. АҚШ долларына немесе 2,1%-ға төмендеді (жыл басынан бері 3,2%-ға өсу). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 577,1 млн. АҚШ долларына немесе 27,9 млрд. АҚШ долларына дейін 2,0%-ға төмендеді (жыл басынан бері 3,5%-ға өсу). Жүргізілген операциялардың және алтынның әлемдік бағасының төмендеуі нәтижесінде 2016 жылғы мамырда шетел валютасындағы таза активтер 1,2%-ға (жыл басынан бері 3,1%-ға), алтындағы активтер 3,8%-ға төмендеді (жыл басынан бері 20,5%-ға өсу).

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі банктермен валюталық-пайыздық своп операциялары бойынша жоспарлы өтеулермен, банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен бейтараптандырылды.

Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (жедел деректер бойынша 65,5 млрд. АҚШ доллар) қоса алғанда, елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда бір айда 0,6%-ға азайып, 94,3 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ақша базасы 2016 жылғы мамырда 4 495,1 млрд. теңгені құрады. Ақша базасының тарылуы бір айда 3,4%-ды немесе 157,9 млрд. теңгені құрады. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 4 108,1 млрд. теңгеге дейін 3,1%-ға тарылды (жыл басынан бері 12,0%-ға тарылды).

2016 жылғы мамырда ақша массасы 17 985,9 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға (жыл басынан бері 4,5%-ға өсті), айналыстағы қолма-қол ақша 1 485,3 млрд. теңгеге дейін 6,4%-ға (жыл басынан бері 20,1%-ға), банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 16 500,6 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға (жыл басынан бері 3,3%-ға өсті) ұлғайды. Ақша массасының құрылымында депозиттердің үлесі 2016 жылғы сәуірдегі 92,1%-дан 2016 жылғы мамырдағы 91,7%-ға дейін шамалы қысқарды (2015 жылғы желтоқсанда – 92,8%).

### **3. 2016 жылғы мамырдағы ақша нарығы**

2016 жылғы мамырда ақша нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көлемі автоматты РЕПО нарығында өткізілді. Бұл ретте ақша нарығындағы мөлшерлеме 2016 жылғы 6 мамырдан бастап 15% деңгейінде белгіленген базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейін ескере отырып қалыптасты.



|  | 2016 сәуір | 2016 мамыр | Өзгеруі, %-бен |
|--|------------|------------|----------------|
| Автоматты РЕПО нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. теңге                              | 5 763,3    | 5 752,0    | -0,2           |
| Своп нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. теңге  | 1 884,4    | 1 104,9    | -41,4          |
| ҚҚБ-ғы KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі, млн. АҚШ доллары               | 2 758,0    | 2 503,2    | -9,2           |
| Банкаралық нарықтағы KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі, млн. АҚШ доллары | 7 483,1    | 6 447,6    | -13,8          |

2016 жылғы мамырда 1 күндік РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме (TONIA<sup>2</sup> индикаторы) жылдық 14,1% деңгейінде, 1 күндік своп операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 13,7% деңгейінде қалыптасты. Ақша-кредит саясатының операцияларын ақша нарығында жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторының қалыптасуы базалық мөлшерлеменің пайыздық аралығының төменгі шекарасы айналасында өтті.

Ұлттық Банк 2016 жылғы 6 маусымда базалық мөлшерлеменің деңгейін және пайыздық мөлшерлемелер аралығын өзгеріссіз 15%-дық деңгейде сақтады, ол теңгенің тартымдылығын одан әрі күшейтуге бағытталды. Тәуекелдер төмендеуіне және оң трендтердің тұрақтылығы расталуына қарай базалық мөлшерлеменің төмендеуі жойылмайды. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2016 жылғы 11 шілдеде хабарланады.

#### **4. 2016 жылғы мамырдағы валюта нарығы**

2016 жылғы мамырда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 327,88 – 336,73 теңге аралығында өзгерді. 2016 жылғы мамырдың соңында теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамы бір ай ішінде 2,5%-ға төмендеп (жыл басынан бастап нығаю – 1,2%), бір АҚШ доллары үшін 335,84 теңге болды.

Қазақстан қор биржасында KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық операциялар көлемі 2016 жылғы сәуірмен салыстырғанда 2016 жылғы мамырда 9,2%-ға төмендеп, 2,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі 2016 жылғы сәуірмен салыстырғанда 13,8%-ға азайып, 6,4 млрд. АҚШ доллары болды.

2016 жылғы мамырда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында өктемдік жүргізді, нетто-сатып алу көлемі 728,3 млн. АҚШ доллары болды. Ұлттық Банктің валюта нарығына қатысу үлесі алдыңғы аймен салыстырғанда 29,1%-ға дейін төмендеді. Теңгемен құралдар тартымдылығының өсуі және халықтың валюталық таңдауының ауысуы аясында шетел валютасына ұсыныстың оның сұранысынан артуы Ұлттық Банктің валюта нарығында өктемдікті жүргізуіне себепші болды.

Қолма-қол шетел валютасы нарығында айырбастау пункттері арқылы халық тарапынан қолма-қол АҚШ долларын сату үрдісі жалғасуда. 2016 жылғы мамырда халық 183,8 млн. АҚШ долларын сатты (2016 жылғы ақпан-мамыр айларында 947,2 млн. АҚШ доллары сатылды).

<sup>2</sup> Биржада автоматты РЕПО секторында МБҚ-мен жасалған бір жұмыс күндік мерзімі бар РЕПО-ны ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме

## **5. 2016 жылғы мамырдағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы**

2016 жылғы мамырда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукцион өткізілмеді. Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі мамырдың соңында 5 595,0 млрд. теңгені құрады.

### **Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары.**

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2016 жылғы мамырда 3 625,6 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 19 аукцион, 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 6 аукцион және 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 2 аукцион өткізілді. Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша тиімді кірістілік 15,9%, 1 айлық ноттар бойынша – 15,8%, 3 айлық ноттар бойынша - 14,7% болды. 2016 жылғы мамырдың соңында айналыстағы ноттар көлемі 1 378,4 млрд. теңгені (бір ай ішіндегі өсім – 19,6%-ды) құрады.

## **6. 2016 жылғы мамырдың соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы**

Депозит ұйымдарындағы резиденттер депозиттерінің көлемі бір айда 1,0%-ға ұлғайып (жыл басынан бері өсім 3,3%), 2016 жылғы мамырдың соңында 16 500,6 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың депозиттері 9 590,6 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға төмендеді (жыл басынан бері өсім 4,5%), жеке тұлғалардың депозиттері 6 910,0 млрд. теңгеге дейін 3,2%-ға ұлғайды (жыл басынан бері ұлғаю 1,7%).

2016 жылғы мамырдың соңындағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 6 681,9 млрд. теңге (бір айда 3,3%-ға, жыл басынан бері – 34,9%-ға өсті), шетел валютасындағы – 9 818,7 млрд. теңге (бір айда 0,4%-ға, жыл басынан бері – 10,9%-ға төмендеді) болды. Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 39,6%-дан 40,5%-ға дейін өсті (жыл басында – 31,0%).

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері 2016 жылғы мамырда 1,3%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 31,6%-ға өсті) және 4 633,8 млрд. теңге болды (заңды тұлғалардың депозиттерінен 48,3%), шетел валютасымен – 2,1%-ға төмендеді (жыл басынан бері 12,4%-ға төмендеді) және 4 956,8 млрд. теңге болды.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 2016 жылғы мамырда 8,1%-ға өсті (жыл басынан бері 43,2%-ға өсті) және 2 048,1 млрд. теңге болды (жеке тұлғалардың депозиттерінен 29,6%), шетел валютасымен – 1,3%-ға өсті (жыл басынан 9,3%-ға төмендеді) және 4 861,9 млрд. теңге болды.

Мерзімді депозиттер мамырда 12 047,4 млрд. теңгені құрап, 0,8%-ға өсті (жыл басынан бері 2,4%-ға өсті). Мерзімді депозиттер құрылымында ұлттық валютамен салымдар 4 212,4 млрд. теңге (бір айда 5,3%, жыл басынан бері – 33,4% өсті), шетел валютасымен – 7 835,0 млрд. теңге (бір айда 1,4%-ға, жыл басынан бері – 9,0%-ға төмендеді) болды.

2016 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 13,0% (2015 жылғы желтоқсанда – 20,1%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 12,3% (8,5%) болып қалыптасты.

## **7. 2016 жылғы мамырдың соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы**

Банктердің экономиканы кредиттеуінің көлемі 2016 жылғы мамырдың соңында бір ай ішінде 0,9%-ға ұлғайып (жыл басынан бері 2,0%-ға төмендеу), 12 427,6 млрд. теңге болды.

Ұлттық валютамен кредиттер көлемі бір ай ішінде 8 102,5 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға біраз төмендеді (жыл басынан бастап 3,6%-ға төмендеу). Оның құрылымындағы заңды тұлғаларды кредиттеу көлемі 0,5%-ға төмендеді, жеке тұлғаларға – 0,2% өсті. Шетел валютасымен заңды тұлғаларды (3,0%-ға), сондай-ақ жеке тұлғаларды (3,4%-ға)

кредиттеу 4 325,0 млрд. теңгеге дейін 3,0%-ға өсті (жыл басынан бастап 1,2%-ға өсу). Теңгемен кредиттердің үлес салмағы бір айда 65,9%-дан 65,2%-ға дейін (2015 жылғы желтоқсанда 66,3%) төмендеді.

2016 жылғы мамырдың соңында ұзақмерзімді кредиттер көлемі 10 270,5 млрд. теңге, қысқамерзімді – 2 157,1 млрд. теңге болды.

Заңды тұлғаларға кредиттер көлемі 2016 жылғы мамырда 8 446,4 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға артты (жыл басынан бері 0,8%-ға төмендеу), жеке тұлғаларға 3 981,1 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға өсті (жыл басынан бері 4,4%-ға төмендеу). Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,1%-дан 32,0%-ға дейін аздап төмендеді (жыл басында – 32,9%).

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2016 жылғы мамырда 2 707,6 млрд. теңгеге дейін 4,4%-ға ұлғайды (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 21,8%). Жыл басынан шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу көлемі 31,4%-ға ұлғайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің барынша айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 21,1%), өнеркәсіп (12,8%), құрылыс (8,2%), ауыл шаруашылығы (5,6%) және көлік (4,9%) сияқты салаларға тиесілі.

2016 жылғы мамырда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 16,5% (сәуірде 17,8%), жеке тұлғаларға 18,2% (19,2%) болды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

### ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 9 желтоқсан

№ 213

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 **қаулысына** (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

42) және 43) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 56), 57), 58) және 59) тармақшалармен толықтырылсын:

«56) осы қаулының 56-қосымшасына сәйкес «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

57) осы қаулының 57-қосымшасына сәйкес «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

58) осы қаулының 58-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген және сақтандырудың жекелеген сыныптары болып табылатын міндетті сақтандырудың түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

59) осы қаулының 59-қосымшасына сәйкес «Исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.»;

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес 56-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 57-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес 58-қосымшамен толықтырылсын;

осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес 59-қосымшамен толықтырылсын.

2. Мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау басқармасы (Бәдірленова Ж.Р.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы, осы қаулының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-тармағының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ 213 қаулысына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 71 қаулысына  
56-қосымша

**«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша исламдық сақтандыру қызметін  
жүзеге асыру құқығына лицензия беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

**2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі**

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

лицензия бергенде - 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;

лицензияны қайта ресімдеген кезде - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

көрсетілетін қызметті алушыны бөлініп шығу немесе бөлу нысанында қайта ұйымдастырған жағдайда лицензияны қайта ресімдеген кезде - 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияның телнұсқаларын берген кезде - 2 (екі) жұмыс күні ішінде;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі - лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқаларын беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-

тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 50 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 пайызын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен артық емес;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым - лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 пайызы.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кестесі - сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

лицензия алу үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензия беру туралы өтініш;

2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) барлық ұйымдастыру-техникалық, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін бухгалтерлік есеп пен бухгалтерлік есепті жүргізуді автоматтандыру мәселелері жөніндегі іс-шаралардың орындалғанын куәландыратын құжаттар;

4) енгізілген барлық өзгерістермен және толықтырулармен (олар бар болса) жарғының салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариат куәландырған көшірмесі;

5) «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) 34-бабының талаптарына сәйкес исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлері лауазымдарына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

6) ең аз мөлшері Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысымен бекітілген Жарғылық капиталдың, кепілдік беру қорының, төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшерін қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және сақтандыру тобы үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді белгілеу және пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есептерді ұсыну мерзімдері жөніндегі нұсқаулықта белгіленген жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін құрылтайшылардың, акционерлердің төлегенін растайтын төлем

құжаттары (төлем тапсырмалары, кіріс касса ордерлері), сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік оның толық төленгендігін растайтын құжаттар болып табылады;

7) мыналарды:

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бөлімшелерінің құрылымын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

ішкі аудит қызметінің және басқа да тұрақты жұмыс істейтін органдардың құрылымын, мүшелер санын, міндеттерін, функцияларын және өкілеттіктерін;

техникалық (сақтандыру), инвестициялық, кредиттік, операциялық, нарықтық және басқа да тәуекелдерді басқару бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының саясатын ашатын тәуекелдерді басқару жүйесін;

шаруашылық қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін;

исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің оның атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктерін айқындайтын исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асырудың ішкі қағидалары;

8) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ашуға рұқсат алу кезінде ұсынылған бизнес-жоспарға сәйкес жүргізілген ұйымдастыру іс-шаралары туралы есеп;

9) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында актуарийдің болуы туралы мәліметтер;

10) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ішкі аудит қызметі туралы ереже, онда мынадай мәліметтер қамтылады:

ішкі аудит қызметінің құрылымы туралы ақпарат;

ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары;

ішкі аудит қызметінің құқықтары мен міндеттері;

ішкі аудит қызметінің басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-әрекет жасау тәртібі туралы ақпарат;

өзі жүзеге асыратын қызметтің сипаты мен ауқымдарын ескере отырып, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бүкіл қызметін немесе бөлігін аудиторлық тексеру кезеңділігі;

11) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жалпы акционерлер жиналысының исламдық қаржыландыру қағидастары бойынша кеңесті тағайындау туралы шешімі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған талаптар жұмыс істеп тұрған исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

Сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мынадай құжаттарды:

өтінішті;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін;

актуарий қол қойған, сақтандырудың сыныбы (сыныптары) бойынша бизнес-жоспарды ұсынады.

Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспарда мынадай ақпарат:

сақтандыру сыныбы бойынша жабылатын тәуекелдердің негізгі сипаттамалары;

сақтандыру портфелінің құрылымындағы сақтандыру сыныбы үлесінің; сақтандыру сыныбы бойынша қызметтер көрсету нарығы сегментінің (нарық көлемінің, әлеуетті сақтанушылардың, географиялық жерінің) негізгі сипаттамалары;

сақтандыру өнімдерін сақтандыру сыныбы шеңберінде сату тәсілдерінің негізгі сипаттамалары;

сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібіне және олардың экономикалық негіздемесіне қойылатын талаптар;

осы сақтандыру сыныбы бойынша таяу екі жылға арналған пайдалар, шығындар, сақтандыру резервтерінің есептері туралы болжам, шығындылық болжамы, ең нашар және ең жақсы жағдайдағы тәуекелдерді бағалау, пруденциялық нормативтердің сақталу болжамы;

исламдық қайта сақтандыру саясаты (исламдық қайта сақтандыру нысандары мен әдістері, исламдық қайта сақтандыру ұйымдарын бағалаудың критерийлері);

инвестициялық саясат қамтылады.

Инвестициялық саясат бойынша ақпаратта мынадай мәліметтерді:

инвестициялау мақсатын;

инвестиция түрлері бойынша әртараптандыруды және активтердің сапасын бағалауды қоса алғанда, инвестициялық портфельді және оның кірістілігін қалыптастыруды;

активтердің түріне, сондай-ақ сырттан активтер тартуға қарай инвестициялық шектеулерді;

инвестициялық саясатқа жауапты ұйымның тұлғаларын ашып көрсету қажет.

Актуарий қол қойған сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспар көрсетілетін қызметті берушіге тігілген және нөмірленген бір данада беріледі. Сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың алғашқы бетінде жоғары оң жақ бұрышында мынадай айқындама болады: «(исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның атауы) Директорлар кеңесі бекітті. 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттама». Исламдық сақтандыру сыныбы бойынша бизнес-жоспардың соңғы бетінің екінші жағы исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мөрімен (болған кезде) куәландырылады.

Сақтандырудың бірнеше сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға өтініш берген кезде сақтандыру сыныптары бойынша бір бизнес-жоспар ұсынылады;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуы бөлігіндегі талаптардың орындалуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Лицензияның телнұсқасын алу үшін мыналар:

еркін нысанда жазылған өтініш;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

лицензия қайта ресімделген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

лицензияланатын қызмет түрінен сақтандыру қызметінің бір немесе бірнеше сыныбы алып тасталған жағдайда, лицензияның түпнұсқасы;

Заңның 37-1-бабында көзделген тәртіппен сақтандыру портфелін беруді растайтын құжаттар (лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныптары алып тасталған жағдайда);

ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпараты бар құжаттардың көшірмелері ұсынылады.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының:

сақтандырудың жаңа сыныптары мен түрлерін енгізуді;

сақтандырудың жекелеген сыныптары мен түрлері бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру тәртібін және талаптарын өзгертуді көздейтін заңнамалық актілерін қабылдау жағдайларын қоспағанда, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құруға рұқсат алу кезінде бизнес-жоспарда көрсетілген талаптарды орындау мерзімі аяқталғанға дейін сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасауы;

2) егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап алты ай ішінде көрсетілетін қызметті берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия алу үшін өтініш жасамаған болса;

3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) құрамына исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейінгі алты ай ішіндегі кезеңде белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы;

5) қоғамның органдары сайлағандар ішінен басшы қызметкердің келісілмеуі (жаңадан құрылатын исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін);

6) заңды тұлғалардың осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарында қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынуы;

7) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

8) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

9) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

10) сот орындаушысының ұйғарымы негізінде көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге соттың лицензия беруге уақытша тыйым салуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде жазылған негіздерден басқа сақтандырудың қосымша сыныптары бойынша исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беруден бас тарту мынадай негіздер бойынша жүргізіледі:

сақтандырудың алатын қосымша сыныбын есепке алғанда, пруденциялық нормативтердің сақталмау болжамы;

өтініш беру күніне дейін соңғы үш ай ішінде және оны қарау кезеңінде пруденциялық нормативтердің сақталмауы;

өтініш беру күніне исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру түрінде қолданыстағы санкцияның болуы.

### **3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.



Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша  
исламдық сақтандыру қызметін  
жүзеге асыру құқығына лицензия беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
1-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы және  
БСН)

### Лицензия беру туралы өтініш

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(сақтандырудың саласын, нысанын, сыныптарын, қызмет түрін көрсету  
қажет)

жүзеге асыру құқығына лицензия беруіңізді сұраймын.

Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйінің нөмірі)

(телефон, факс)

2. Әділет органдарында исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе  
куәліктің күні және нөмірі)

3. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоты ашылған банктің  
атауы және орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру  
нөмірі

4. Исламдық сақтандыру қызметін, исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге  
асыру құқығына бірінші рет алған лицензия туралы

деректер:

\_\_\_\_\_ (нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)  
Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және оның құрылтайшылары (акционерлері) өтінішке қоса берілген құжаттардың (акпараттың) дәйектілігіне толық жауап береді

5. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және әрқайсысы бойынша парақтар саны:

Өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_

Мөр орны  
(болған кезде)

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша  
 исламдық сақтандыру қызметін  
 жүзеге асыру құқығына лицензия беру»  
 мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
 2-қосымша

Нысан

**Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында  
 актуарийдің болуы туралы мәліметтер**

| Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы | Актуарий туралы мәліметтер                |   |   |   |  |
|---|---|---|---|---|--|
|   | Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) | Уәкілетті орган лицензиясының күні мен нөмірі | Актуарий лауазымына тағайындау (сайлау) туралы құжаттың нөмірі мен күні | Білімі туралы, оның ішінде жұмыс істейтін саласында біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер | Біліктілік емтиханын қайта тапсырғаны туралы ақпарат |
| 1   | 2   | 3   | 4   | 5   | 6  |

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша  
исламдық сақтандыру қызметін  
жүзеге асыру құқығына лицензия беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
3-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның толық атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы)

### Өтініш

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
байланысты

(лицензияны қайта ресімдеу себебі көрсетілсін)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(лицензияның атауы көрсетілсін)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(сақтандыру салалары, нысандары, сыныптары, қызмет түрі  
көрсетілсін)

қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы мәліметтер

1. Атауы, орналасқан жері

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй нөмірі)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

2. Әділет органдарында исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі)

3. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банк шоты ашылған банктің атауы және орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі

\_\_\_\_\_

4. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына бірінші рет алған лицензия туралы деректер: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және оның құрылтайшылары (акционерлері) өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігіне толық жауап береді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және әрқайсысы бойынша парақтар саны: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы)

20 \_\_\_ жылғы « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

Мөр орны

(болған кезде)

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2015 жылғы 9 желтоқсандағы  
2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі - лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқаларын беру не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-

тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 20 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 пайызын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен артық емес;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 пайызын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру кестесі - 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен 9.00-ден 17.30-ға дейін;

Мемлекеттік қызмет кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз ұсынылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

лицензия алу үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша лицензия беру туралы өтініш;

2) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) актуарий қол қойған, исламдық сақтандыру қызметін жүзеге асыру жөніндегі бизнес-жоспар.

Сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүргізуге лицензиясы бар актуарий қол қойған, жақын арадағы екі жылға арналған исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру жөніндегі бизнес-жоспарда мынадай ақпарат болады:

тәуекелдерді исламдық қайта сақтандыруға берген кезде:

сақтандыру сыныптары бойынша исламдық қайта сақтандырудің негізгі нысандары (факультативті, облигаторлық, факультативтік-облигаторлық) және қатысу әдістері/түрлері (барабар, барабар емес), олардың арасындағы арақатынасы;

исламдық қайта сақтандыру ұйымдарын бағалау критерийлері (рейтинг, капиталдың мөлшері және активтер деңгейі, қызметті жүзеге асыруға тиісті қадағалау органының лицензиясының болуы; исламдық қайта сақтандыру ұйымының тұрақтылығы: компанияның нарықта жұмыс істеген уақыты мен тәжірибесі, орналасқан жері, ел тәуекелдерінің болуы; исламдық қайта сақтандыру ұйымының іскерлік әлеуеті: қызмет түрлері бойынша талдау жүргізу, қомақты төлемдер бойынша талдау жүргізу, клиенттермен өзара қатынасы, баспасөзде теріс немесе оң жарияланымдардың болуы);

исламдық қайта сақтандыру ұйымының қызметіне бақылау жасау, қайта сақтандыру талаптарын сақтауды қамтамасыз ету жүйесі қалай жүзеге асырылады;

ынтымақтастық жасау болжанатын исламдық қайта сақтандыру ұйымдарының атауы, шетелдік қайта сақтандырушылардың болжамды үлесі;

тәуекелдерді исламдық қайта сақтандыруға қабылдаған кезде;

қайта сақтанушыларды бағалаудың негізгі критерийлері;

қызметті жүзеге асыруға тиісті қадағалау органы лицензиясының болуы, қайта сақтанушыдан тәуекелдерді сақтандыруға қабылдайтын мамандардың кәсібилігі, қомақты төлемдер бойынша талдау жүргізу, баспасөзде теріс немесе оң жарияланымдардың болуы, қайта сақтанушы-ұйымға экономикалық ықпал ету шараларының болуы, бұрын осы ұйыммен жұмыс істеудегі жағымсыз тәжірибе;

ұйымның исламдық қайта сақтандыру бойынша портфелін сипаттау (сақтандыру түрлері, әрбір түрінің үлес салмағы, сақтандыру сомаларының лимиттері, исламдық қайта сақтандыруға беру талаптары бойынша);

4) сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға қабылдау рәсімін ашып көрсететін исламдық қайта сақтандыру ұйымының ішкі қағидалары.

Исламдық қайта сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі бекіткен сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға қабылдау жөніндегі ішкі қағидаларында мыналар айқындалады:

тәуекелдерді қайта сақтандыруға қабылдауды жүзеге асыратын бөлімшенің құрылымы, міндеттері, функциялары және өкілеттіктері;

исламдық қайта сақтандыру ұйымының тарифтік саясатына сәйкес сақтандыру тәуекелдерін исламдық қайта сақтандыруға қабылдау кезіндегі осы құрылымдық бөлімшенің басшысы мен қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері, өкілеттіктері;

сақтандыру тәуекелдерін исламдық қайта сақтандыруға қабылдау кезінде бағалау тәртібіне қойылатын талаптар;

бизнес-процестерді сипаттау (құжаттардың өту тәртібі және исламдық қайта сақтандыру жөнінде шешімдер қабылдау бойынша жазылған рәсімдер);

өзге мәселелер (исламдық қайта сақтандыру ұйымының ұйғаруы бойынша);

5) исламдық қайта сақтандыру ұйымы акционерлері жалпы жиналысының исламдық қаржыландыру қағидағдары жөніндегі кеңесті тағайындау туралы шешімі.

Лицензияның телнұсқасын алу үшін:

еркін нысанда жазылған өтініш;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

лицензияны қайта ресімдеген кезде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

ішіндегі ақпарат мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпараты бар құжаттардың көшірмесі.

10. Мыналар:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында белгіленген талаптардың сақталмауы;

2) егер көрсетілетін қызметті алушы оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап алты ай ішінде көрсетілетін қызметті берушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия алу үшін өтініш жасамаған болса;

3) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

4) құрамына исламдық қайта сақтандыру ұйымы кіретін сақтандыру тобының өтініш бергенге дейінгі алты ай ішіндегі кезеңде белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы;

5) қоғам органдары сайлаған адамдардың қатарынан басшы қызметкерді келіспеу (жаңадан құрылатын исламдық қайта сақтандыру ұйымы үшін);

6) заңды тұлғалардың осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарында қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынуы;

7) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

8) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

9) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

10) сот орындаушысының ұсынымы негізінде борышкер-көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беруге соттың уақытша тыйым салуы;

11) сақтандырудың алынатын қосымша сыныбын ескергенде пруденциялық нормативтердің сақталмау болжамы;

12) өтініш беру күніне дейінгі соңғы үш ай ішінде және оны қарау кезеңінде пруденциялық нормативтердің сақталмауы;

13) өтініш беру күнінде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру түрінде қолданыстағы санкцияның болуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады.

### **3. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде жүргізіледі.

Заңды тұлғаның шағымында оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

#### 4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

13. Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

«Исламдық қайта сақтандыру  
жөніндегі қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
1-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның толық атау)

\_\_\_\_\_  
(исламдық қайта сақтандыру ұйымының толық атауы және БСН)

#### Лицензия беру туралы өтініш

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(сақтандырудың саласын, нысанын, сыныптарын, қызмет түрін көрсету қажет)

жүзеге асыру құқығына лицензия беруіңізді сұраймын.

Исламдық қайта сақтандыру ұйымы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйінің нөмірі)

\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

2. Әділет органдарында исламдық қайта сақтандыру ұйымын



мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі)

3. Исламдық қайта сақтандыру ұйымының банк шоты ашылған банктің атауы және орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

4. Исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына бірінші рет алған лицензия туралы деректер:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)  
Исламдық қайта сақтандыру ұйымы және олардың құрылтайшылары (акционерлері) өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігіне толық жауап береді:

5. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және әрқайсысы бойынша парақтар саны:

Өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы

(қолы)  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
Мөр орны  
(болған кезде)

«Исламдық қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру  
құқығына лицензия беру»  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына  
2-қосымша

Нысан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның толық атауы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(исламдық қайта сақтандыру ұйымының толық атауы)

**Өтініш**

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
байланысты

(лицензияны қайта ресімдеу себебі көрсетілсін)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(лицензияның атауы көрсетілсін)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(сақтандыру салалары, нысандары, сыныптары, қызмет түрі  
көрсетілсін)

қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Исламдық қайта сақтандыру ұйымы туралы мәліметтер

1. Атауы, орналасқан жері

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй нөмірі)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(телефон, факс)

2. Әділет органдарында исламдық қайта сақтандыру ұйымын  
мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы деректер

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі)

3. Исламдық қайта сақтандыру ұйымының банк шоты ашылған банктің атауы және орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі

\_\_\_\_\_

4. Исламдық қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына бірінші рет алған лицензия туралы деректер: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Исламдық қайта сақтандыру ұйымы және оның құрылтайшылары (акционерлері) өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігіне толық жауап береді

\_\_\_\_\_

5. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және әрқайсысы бойынша парақтар саны:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Өтініш беруге уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қолы)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Мөр орны

(болған кезде)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

### ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 19 желтоқсан

№ 223

#### **«Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең аз мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең аз мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 137 **қаулысына** (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8591 тіркелген, 2013 жылғы 6 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 134 (2335) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларын бекіту және динамикалық резервтің ең төмен мөлшерін, күтілетін шығындардың мөлшерін белгілеу туралы»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Динамикалық резервтің ең төмен мөлшері Қағидалардың 2-тармағына сәйкес және күтілетін шығындардың мөлшері Қағидалардың 3-тармағына сәйкес белгіленсін.»;  
көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің динамикалық резервті қалыптастыру қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қағидалардың 2-2-тармағында өзгесі белгіленбесе, есепті тоқсан соңындағы динамикалық резервтің мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ДР_C = ДР_{C-1} + (КШ - АПШ),$$

мұндағы:

ДР<sub>C</sub> - есепті тоқсанның соңындағы динамикалық резерв;

ДР<sub>C-1</sub> - алдыңғы есепті тоқсанның соңындағы динамикалық резерв. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша динамикалық резерв нөлге тең;

КШ - есепті тоқсандағы күтілетін шығындар;

АПШ - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексі 106-бабының 1-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылған, резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістерді шегергендегі есепті тоқсандағы резервтерге ассигнациялау.

Резервтерге ассигнациялау - халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қарыздарға резервтер құруға арналған шығыстар.

Резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістер - резервтердің азаюы қарызды баланстан есептен шығару нәтижесінде болатын жағдайда қоспағанда, қарыздарға бұрын құрылған резервтер сомасының азаюы нәтижесінде туындаған кіріс.

Салық салу мақсаттары үшін динамикалық резервтің мөлшері есепті салық кезеңінің соңында айқындалған динамикалық резервтің мөлшері мен алдыңғы салық кезеңінің соңында айқындалған динамикалық резервтің мөлшері арасындағы оң айырма ретінде айқындалады

Динамикалық резервтің ең төмен мөлшері нөлден кем болмайды.»;

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

«2-2. Динамикалық резервтің мөлшері былайша айқындалады:

1) 2014 жылғы бірінші, екінші, үшінші, төртінші тоқсан соңындағы динамикалық резерв Қағидалардың 2-тармағына сәйкес формула бойынша есептелген 2013 жылғы төртінші тоқсанның соңындағы динамикалық резерв мөлшерінде айқындалады.

2014 жылғы төртінші тоқсанның соңындағы динамикалық резервті есептеу мақсаттары үшін Қағидалардың 2-тармағына сәйкес айқындалған АПШ көрсеткішінің мәні 2013 жылғы бірінші, екінші, үшінші, төртінші тоқсан соңындағы динамикалық резервті есептеу кезінде егер АПШ-тың мәні теріс болған жағдайда, нөлге тең болып танылады;

2) 2015 жылғы бірінші, екінші, үшінші, төртінші тоқсан соңындағы динамикалық резерв осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес есептелген 2014 жылғы төртінші тоқсанның соңындағы динамикалық резерв мөлшерінде айқындалады;

3) 2016 жылғы бірінші, екінші, үшінші, төртінші тоқсан соңындағы динамикалық резерв осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелген 2015 жылғы төртінші тоқсанның соңындағы динамикалық резерв мөлшерінде айқындалады.».

2. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Осы қаулының 1-тармағының сегізінші, он сегізінші - жиырма үшінші абзацтары 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Қағидалардың 2-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Есепті тоқсан соңындағы динамикалық резервтің мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:».

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

### ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 19 желтоқсан

№ 227

#### **Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясының есептері мен қосымша ақпаратының нысандарын, ұсыну мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің (бұдан әрі - таратылатын банк) тарату комиссиялары ұсынатын есептер мен қосымша ақпараттың мынадай нысандары бекітілсін:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің баланстан тыс шоттары жөніндегі есептің нысаны;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес таратылатын банк активтерінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес таратылатын банк міндеттемелерінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің теңгедегі ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің шетел валютасындағы ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің касса бойынша теңгемен ақша қозғалысы туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің касса бойынша шетел валютасымен ақша қозғалысы туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің дебиторлық берешегінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің кепіл мүлкін сату туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің меншікті мүлкінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің тарату комиссиясы жасаған шығыстар туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес тарату комиссиясы жалға беретін мүлік туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес тарату комиссиясы қызметкерлерінің саны туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес таратылатын банк кредиторларының шағымдар (өтініштер) беру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін мәлімделген, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген талаптарын есепке алу журналының нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің дебиторлық берешегін өндіріп алу туралы есептің нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің кепіл мүлкінің жай-күйі туралы есептің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес таратылатын банк дебиторларының жоғалған құжаттары жөніндегі есептің нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің тарату комиссиясының басшы қызметкерлеріне, борышкерлеріне, төрағасына, мүшелеріне немесе қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істер туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес аралық тарату балансының нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес тарату процесінің басындағы таратылатын банк кредиторлары тізімінің нысаны;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің кредиторлары мәлімдеген шағымдарды (өтініштерді) есепке алу журналының нысаны;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің талап етілмеген кредиторлық берешегін есепке алу журналының нысаны;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің меншікті мүлкін есепке алу журналының нысаны;

24) осы қаулыға 24-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің дебиторлық берешегін есепке алу журналының нысаны;

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің баланстан тыс шоттары жөніндегі есептің нысаны;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптары тізілімінің нысаны;

27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес тарату процесінің басындағы баланспен салыстырғанда таратылатын банктің аралық тарату балансының деректеріндегі ауытқулар туралы мәліметтердің нысаны;

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар нысаны;

29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес таратылатын банктің тарату балансының нысаны.

2. Таратылатын банктердің тарату комиссияларының (бұдан әрі - тарату комиссиясы) есептері ретінде мыналар түсініледі:

1) бір күнде істелген жұмыс туралы есеп (күн сайынғы есеп);

2) бір айда істелген жұмыс туралы есеп (ай сайынғы есеп);

3) бірінші жартыжылдықта істелген жұмыс туралы есеп (бірінші жартыжылдық үшін есеп);

4) бір жылда істелген жұмыс туралы есеп (жылдық есеп);

5) аралық тарату балансы;

6) тарату туралы есеп;

7) тарату балансы.

3. Күн сайынғы есеп Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) мынадай мерзімдерде:

1) тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - есепті күннен кейінгі жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 11.00-ден кешіктірілмей;

2) тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - есепті күннен кейінгі жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 16.00-ден кешіктірілмей факсимильді не электрондық байланыс арқылы ұсынылады.

Ай сайынғы есеп Ұлттық Банкке:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Бірінші жартыжылдық үшін есеп Ұлттық Банкке:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірілмей ұсынылады.

Жылдық есеп Ұлттық Банкке:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда - есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірілмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда - есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады.

4. Күн сайынғы есеп мыналар туралы мәліметтер қамтылатын банкті тарату барысының жай-күйі туралы ақпарат түрінде ұсынылады:

1) дауларды алдын ала сотқа дейін шешу және (немесе) сот ісін жүргізу шеңберіндегі жұмыс;

2) банктің мүлкін сату;

3) ағымдағы шотқа және кассаға түсімдер;

4) тарату комиссиясының қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, жұмыстан шығару және басқа қызметке ауыстыру;

5) кредиторлармен есеп айырысулар, сондай-ақ тарату комиссиясы қызметінің негізгі бағыттары бойынша оның қызметіне байланысты қосымша ақпарат.

5. Ай сайынғы есепте мыналар қамтылады:

1) таратылатын банктің есепті күнгі балансы;

2) осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларында көзделген есептер мен қосымша ақпарат;

3) осы қаулының 8-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылатын есепті кезеңдегі банкті тарату барысының жай-күйі туралы түсіндірме жазба (бұдан әрі - түсіндірме жазба).

6. Бірінші жартыжылдықтағы есепте мыналар қамтылады:

1) таратылатын банктің есепті күнгі балансы;

2) осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептер мен қосымша ақпарат;

3) осы қаулының 8-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба.

Жартыжылдық есептің есепті күні жылдың 1 (бірінші) шілдесі болып табылады.

Банктің тарату комиссиясының екінші жартыжылдықта орындаған жұмысы туралы есебі Ұлттық Банкке ұсынылмайды.

7. Жылдық есепте мыналар қамтылады:

1) таратылатын банктің есепті күнгі балансы;

2) осы қаулының 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) және 18) тармақшаларында көзделген есептер мен қосымша ақпарат;

3) осы қаулының 8-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба.

8. Есепті кезеңдегі түсіндірме жазбада (ай сайынғы, жартыжылдық, жылдық есептер):

1) өзгерістер себептері көрсетіле отырып, банктің активтері мен міндеттемелері бойынша өзгерістер;



2) дауларды алдын ала сотқа дейін шешу және (немесе) сот ісін жүргізу шеңберіндегі жұмыстың сипаттамасы;

3) тарату комиссиясының банктің мүлкімен жұмысы;

4) тарату комиссиясының кредиторлармен және банктің ағымдағы берешегі бойынша жұмысының сипаттамасы;

5) тарату ісіне шығыстар;

6) банкті тарату ісін аяқтаудың негізгі проблемалары мен перспективалары туралы ақпарат қамтылады.

Түсіндірме жазбада таратылатын банктің дебиторлары құжаттарының жоғалуына байланысты жүргізілген іс-шаралар туралы және таратылатын банктің кепіл мүлкімен жұмыс істеу туралы ақпарат көрсетіледі.

9. Осы қаулының 1-тармағының 19) тармақшасында көзделген аралық тарату балансы мынадай құжаттар негізінде жасалады:

1) баланс шоттарына жеке шоттар, банктің талдау және синтетикалық есебінің тіркелімдері;

2) банктің бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтері мен міндеттемелерін түгендеу актілері;

3) таратылатын банктің тарату процесінің басындағы балансы;

4) тарату процесінің басындағы барлық баланс шоттарының талдамалары;

5) тарату процесінің басындағы таратылатын банктің баланстан тыс шоттары бойынша деректер;

6) осы қаулының 1-тармағының 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларында көзделген қосымша ақпарат.

10. Таратылатын банктің аралық тарату балансына мынадай есептер мен құжаттар қоса беріледі:

1) банктің бухгалтерлік және заң құжаттарын, активтері мен міндеттемелерін түгендеу актілерінің көшірмелері бір данада;

2) таратылатын банктің тарату процесінің басындағы балансының түпнұсқасы;

3) тарату процесінің басындағы барлық баланс шоттары талдамаларының түпнұсқалары;

4) тарату процесінің басындағы банктің баланстан тыс шоттары бойынша деректердің түпнұсқалары;

5) осы қаулының 1-тармағының 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларында көзделген қосымша ақпарат түпнұсқада және көшірмеде бір данада;

6) тарату басталғаннан бастап аралық тарату балансын жасау күніне дейін қоса алған кезеңдегі таратылатын банктің аралық тарату балансына айналым-сальдо ведомосі;

7) осы қаулының 1-тармағының 25), 26) және 27) тармақшаларында көзделген есептер мен қосымша ақпарат;

8) мыналар туралы ақпарат қамтылатын түсіндірме жазба:

тарату комиссиясы жүргізген іс-шаралар;

өзгерістер себептері көрсетіле отырып, тарату басталғаннан бастап аралық тарату балансын жасау күніндегі жағдай бойынша активтер мен міндеттемелер бойынша өзгерістер;

дебиторлық және кредиторлық берешектің жағдайы;

таратылатын банктің кепіл және меншікті мүлкі;

тарату ісін жүргізуге кедергі келтіретін негізгі проблемалар.

Мәжбүрлеп тарату кезінде құжаттардың түпнұсқалары бекітілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде, ал ерікті түрде тарату кезінде - Ұлттық Банк аралық тарату балансын қарағаннан кейін тарату комиссиясына қайтарылуға тиіс.

11. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасау мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны есептіліктің нысандарымен және құжаттармен бірге

екі данада Ұлттық Банкке бекіту үшін, ал ерікті түрде тарату кезінде банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткенге дейін - қарау үшін ұсынады.

12. Осы қаулының 1-тармағының 28) тармақшасында көзделген таратылатын банктің аралық тарату балансына енгізілген кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар (бұдан әрі - кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар) тарату комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

Егер кредиторлар талаптарының тізіліміндегі өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілген аралық тарату балансында көрсетілген банктің кредиторлары алдындағы міндеттемелерінің өзгеруіне әкеп соқтыратын болса, тарату комиссиясы кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу күніндегі жағдай бойынша таратылатын банктің бухгалтерлік балансын бір мезгілде жасайды.

13. Тарату комиссиясы Ұлттық Банкке мыналарды қоса бере отырып, бекіту (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарау үшін - банк акционерлерінің жалпы жиналысы (ерікті түрде тарату кезінде) бекіткенге дейін екі данада жасалатын кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды және бухгалтерлік балансты ұсынады:

1) кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері туралы түсіндірме жазба және олардың негізділігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) шоттар көрсетіле отырып, таратылатын банктің бухгалтерлік балансы баптарының талдамалары.

Ұлттық Банк күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекітеді (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) осы құжаттың бір данасы тарату комиссиясына қайтарылуға тиіс, ал екінші данасы Ұлттық Банкте қалады.

Ерікті түрде таратылатын банктің кредиторлары талаптарының тізіліміне бекітілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесі таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы оларды бекіткен күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке назарда ұстау үшін ұсынылады.

14. Тарату туралы есеп және таратылатын банктің тарату балансы тарату комиссиясы таратылатын банктің ісін аяқтау іс-шараларын толық көлемде жүргізгеннен кейін жасалады және мыналар:

1) таратылатын банкті тарату туралы шешім қабылданған күн және оны қабылдаған орган;

2) уақытша әкімшіліктің (таратылатын банкті мәжбүрлеп тарату кезінде) және тарату комиссиясының тағайындалғаны, тарату комиссиясы құрамының өзгергені;

3) бірінші кезектегі іс-шаралардың орындалуы, аралық тарату балансының жасалуы және бекітілуі;

4) таратылатын банк кредиторлары комитетінің құрылуы, бекітілуі және жұмыс істеуі;

5) таратылатын банктің тарату процесі басталған кездегі активтерінің жай-күйі;

6) таратылатын банктің борышкерлерінен дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша жүргізілген іс-шаралар;

7) таратылатын банктің мүлкін сату бойынша жүргізілген іс-шаралар;

8) ағымдағы шот және касса бойынша ақша қозғалысы, таратылатын банктің ағымдағы шотында ақшаның болмауы;

9) таратылатын банктің тарату процесі басталған күндегі жағдай бойынша міндеттемелері туралы;

10) таратылатын банк кредиторларының алдындағы міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат қамтылады.

Таратылатын банкті тарату туралы есепке тарату комиссиясының таратылатын банктің ісін аяқтау бойынша іс-шаралар жүргізгенін растайтын құжаттардың көшірмелері бір данада қоса беріледі.

15. Тарату туралы есеп және осы қаулының 1-тармағының 29) тармақшасында көзделген таратылатын банктің тарату балансы Ұлттық Банкке келісу (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарау үшін (ерікті түрде тарату кезінде) таратылатын банк акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткенге дейін бір данада ұсынылады.

Ұлттық Банк тарату туралы есепті және тарату балансын олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келіседі (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Тарату туралы есеп және таратылатын банктің тарату балансы келісілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) таратылатын банктің тарату комиссиясына қайтарылады, олардың көшірмесі Ұлттық Банкте қалады.

16. Тарату комиссиясы:

1) мәжбүрлеп таратылатын банктің - Ұлттық Банкпен келісілгенінен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде сотқа бекіту үшін тарату туралы есепті және таратылатын банктің тарату балансын ұсынады;

2) ерікті түрде таратылатын банктің - Ұлттық Банк қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тарату туралы есепті және таратылатын банктің тарату балансын акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығарады.

Мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы сотқа тарату туралы есепті ұсынғаннан кейін Ұлттық Банкке ай сайын оның сотта қаралу барысы туралы ақпарат ұсынады.

Тарату комиссиясы бекітілген тарату туралы есептің және таратылатын банктің тарату балансының көшірмелерін Ұлттық Банкке «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде ұсынады.

17. «Тарату комиссияларының Қазақстан Республикасында таратылатын банктердің есептері мен қосымша ақпаратын ұсыну нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 375 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8327 тіркелген, 2013 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде № 169 (28108) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

18. Бақылау және қадағалау әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

19. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

20. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

21. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан**

**Таратылатын банктің баланстан тыс шоттары жөніндегі есеп**

**Есепті кезең: 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

Индекс: F1-LKB

Кезеңділігі: ай сайын, жартыжылдық, жылдық

Ұсынатындар: ерікті түрде және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиялары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі:

ай сайынғы есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтысынан) кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінен) кешіктірмей;

бірінші жартыжылдық үшін есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда 6 (алтыншы) шілдеден кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда 8 (сегізінші) шілдеден кешіктірмей;

жылдық есеп:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған жағдайда есепті айдан кейінгі жылдың - 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған жағдайда есепті жылдан кейінгі жылдың - 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірмей.

Нысан

**20\_\_ жылғы 1 \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

**(таратылатын банктің атауы)**

(мың теңгемен)

| Шоттың нөмірі | Шоттың атауы                 | Сома                |             | Өзгерістер (4-баған - 3-баған) |
|---------------|------------------------------|---------------------|-------------|--------------------------------|
|               |                              | Алдыңғы есепті күні | Есепті күні |                                |
| 1             | 2                            | 3                   | 4           | 5                              |
|               | Шартты және ықтимал талаптар |                     |             |                                |
| 6000          | Аккредитивтер бойынша        |                     |             |                                |

|      |  |  |  |  |
|------|--|--|--|--|
|      | шоттар   |  |  |  |
| 6005 | Шығарылған орны<br>толтырылмаған<br>аккредитивтер бойынша<br>ықтимал талаптар          |  |  |  |
| 6010 | Расталған орны<br>толтырылмаған<br>аккредитивтер бойынша<br>ықтимал талаптар           |  |  |  |
| 6020 | Шығарылған орны<br>толтырылған аккредитивтер<br>бойынша ықтимал талаптар               |  |  |  |
| 6025 | Расталған орны толтырылған<br>аккредитивтер бойынша<br>ықтимал талаптар                |  |  |  |
| 6030 | Орны толтырылмаған<br>аккредитивтер бойынша<br>бенефициар-банктің ықтимал<br>талаптары |  |  |  |
| 6040 | Рамбурстаушы банктің<br>эмитент-банкке ықтимал<br>талаптары                            |  |  |  |
| 6050 | Кепілдіктер бойынша шоттар   |  |  |  |
| 6055 | Берілген немесе расталған<br>кепілдіктер бойынша<br>ықтимал талаптар                   |  |  |  |
| 6075 | Қабылданған кепілдіктер<br>бойынша ықтимал талаптар                                    |  |  |  |
| 6080 | Борышкерге форфейтинг<br>операциялары бойынша<br>талаптар                              |  |  |  |
| 6100 | Болашақта қарыздар<br>салымдарын орналастыру<br>бойынша шоттар                         |  |  |  |
| 6105 | Орналастырылатын салымдар<br>бойынша болашақтағы<br>талаптар                           |  |  |  |
| 6125 | Болашақта берілетін<br>қайтарып алынбайтын<br>қарыздар бойынша шартты<br>талаптар      |  |  |  |
| 6126 | Болашақта берілетін<br>қайтарып алынатын қарыздар<br>бойынша шартты талаптар           |  |  |  |
| 6130 | Клиенттердің жылжымайтын<br>салымдары  |  |  |  |
| 6150 | Болашақта салымдар мен<br>қарыздарды алу бойынша<br>шоттар                             |  |  |  |
| 6155 | Болашақта салымдарды алу   |  |  |  |

|      |  |  |  |  |
|------|--|--|--|--|
|      | бойынша шартты талаптар  |  |  |  |
| 6175 | Болашақта қарыздарды алу бойынша шартты талаптар                                       |  |  |  |
| 6177 | Берілген қарыздар бойынша шартты талаптар  |  |  |  |
| 6180 | Вексельдер бойынша ықтимал талаптар  |  |  |  |
| 6200 | Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар |  |  |  |
| 6205 | Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты талаптар                                    |  |  |  |
| 6210 | Фьючерс операциялары бойынша шартты талаптар   |  |  |  |
| 6225 | Сатып алынған опциондық операциялар бойынша шартты талаптар - «колл/пут»               |  |  |  |
| 6230 | Болашақ сыйақы туралы сатып алынған келісім - қарсы шот                                |  |  |  |
| 6240 | Пайыздық своп  |  |  |  |
| 6300 | Бағалы қағаздарды сату бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар      |  |  |  |
| 6305 | Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты талаптар   |  |  |  |
| 6325 | Сатылған опциондық операциялар бойынша шартты талаптар - «колл/пут» - қарсы шот»       |  |  |  |
| 6330 | Болашақ сыйақы туралы сатылған келісім   |  |  |  |
| 6350 | Өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шартты талаптар                                 |  |  |  |
| 6400 | Валюталық құндылықтарды сатып алу-сату бойынша шоттар                                  |  |  |  |
| 6405 | Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты талаптар                                 |  |  |  |
| 6415 | Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша шартты талаптар                   |  |  |  |
|      | Шартты және ықтимал міндеттемелер  |  |  |  |
| 6500 | Аккредитивтер бойынша шоттар   |  |  |  |

|      |  |  |  |  |
|------|--|--|--|--|
| 6505 | Шығарылған орны толтырылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер          |  |  |  |
| 6510 | Расталған орны толтырылмаған аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер           |  |  |  |
| 6520 | Шығарылған орны толтырылған аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер            |  |  |  |
| 6525 | Расталған орны толтырылған аккредитивтер бойынша ықтимал міндеттемелер             |  |  |  |
| 6530 | Орны толтырылмаған аккредитивтер бойынша бенефициар-банктің ықтимал міндеттемелері |  |  |  |
| 6540 | Рамбурстау бойынша ықтимал міндеттемелер   |  |  |  |
| 6550 | Кепілдіктер бойынша шоттар   |  |  |  |
| 6555 | Берілген немесе расталған кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелер                |  |  |  |
| 6575 | Қабылданған кепілдіктер бойынша талаптардың ықтимал азаюы                          |  |  |  |
| 6580 | Форфейтинг операциялары бойынша міндеттемелер                                      |  |  |  |
| 6600 | Болашақта салымдар мен қарыздарды орналастыру бойынша шоттар                       |  |  |  |
| 6605 | Болашақта салымдарды орналастыру бойынша шартты міндеттемелер                      |  |  |  |
| 6625 | Болашақта берілетін қайтарып алынбайтын қарыздар бойынша шартты міндеттемелер      |  |  |  |
| 6626 | Болашақта берілетін қайтарып алынатын қарыздар бойынша шартты міндеттемелер        |  |  |  |
| 6630 | Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша міндеттемелер                           |  |  |  |
| 6650 | Болашақта салымдар мен қарыздарды алу бойынша шоттар                               |  |  |  |



|      |  |  |  |  |
|------|--|--|--|--|
| 6655 | Алынатын салымдар бойынша болашақ міндеттемелер  |  |  |  |
| 6675 | Алынатын қарыздар бойынша болашақ міндеттемелер  |  |  |  |
| 6677 | Берілген қарыздар бойынша шартты міндеттемелер   |  |  |  |
| 6680 | Вексельдер бойынша ықтимал міндеттемелер   |  |  |  |
| 6700 | Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар           |  |  |  |
| 6705 | Бағалы қағаздарды сатып алу бойынша шартты міндеттемелер   |  |  |  |
| 6710 | Фьючерс операциялары бойынша шартты міндеттемелер  |  |  |  |
| 6725 | Сатып алынған фьючерс опциондық операциялар бойынша шартты міндеттемелер «колл/пут» - қарсы шот» |  |  |  |
| 6730 | Болашақ сыйақы туралы сатып алынған келісім  |  |  |  |
| 6740 | Пайыздық своп  |  |  |  |
| 6800 | Бағалы қағаздарды сату бойынша және өзге де туынды қаржы құралдары бойынша шоттар                |  |  |  |
| 6805 | Бағалы қағаздарды сату бойынша шартты міндеттемелер  |  |  |  |
| 6825 | Сатылған опциондық операциялар бойынша шартты міндеттемелер - «колл/пут»                         |  |  |  |
| 6830 | Болашақ сыйақы туралы сатылған келісім - қарсы шот   |  |  |  |
| 6850 | Өзге де туынды құралдар бойынша шартты міндеттемелер   |  |  |  |
| 6900 | Валюталық құндылықтарды сатып алу-сату бойынша шоттар  |  |  |  |
| 6905 | Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер                                      |  |  |  |
| 6915 | Тазартылған қымбат   |  |  |  |

|      |  |  |  |  |
|------|--|--|--|--|
|      | металдарды сатып алу-сату бойынша шартты міндеттемелер   |  |  |  |
| 6996 | Өзге де активтермен мәмілелер бойынша позиция            |  |  |  |
| 6997 | Бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша позиция             |  |  |  |
| 6998 | Тазартылған қымбат металдармен мәмілелер бойынша позиция |  |  |  |
| 6999 | Шетел валютасымен мәмілелер бойынша позиция              |  |  |  |

Тарату комиссиясының төрағасы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы тұлға)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_  
Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

